

«ДАРИҒА ҚЫЗ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ДАРИҒА ҚЫЗ БЕЙНЕСІ

Ғұбайдуллина Айжан Бауржанқызы

gubaidullina_abb@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің «Филология:қазақ әдебиеттану»
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.С.Қорғанбеков

«Дариға қыз» - қазақтар арасында кең тараған діни дастандардың бірі. Оның көлемі шағын болғанымен, оқиғасы қызықты, сюжеттегі тартыстар желісі күрделі. Бұндағы бас кейіпкер – Дариға қыз. Оның бейнесінің жасалу жолы шығарманың генезисімен тікелей байланысты. «Дариға қыз» бейнесінің қалыптасу жолы да сан алуан саладан тұрады. Бұнда діни хикаялардың да, шығыстық кітаби эпостың да және халық фольклорының да өзіндік орны бар. «Дариға қыз» дастанындағы бас қаһарман – әлем халықтары фольклорында кең тараған қаһарман әйел бейнесінде көрінеді. Дастанның қысқаша мазмұнына академик Р.Бердібайдың баяндауы бойынша тоқтала кетейік: «Тәңірінің досы пайғамбар төрт шадиярымен Мединеде кеңес құрып отырғанда алыстағы Қатыран қаласында бір палуан қыз бар дегенді естиді. Қыздың «мені бұл жалғанда күресіп, жығатын жан бар ма екен» деп асылық сөйлегені Ғали арыстанның (Әлішердің) құлағына тиген соң, ол күш сынасуға бекініп, пайғамбардан рұқсат сұрайды; дүлдүл атын мініп, қызды іздеп барғысы, «тәуекел дариясына түскісі» келетінін айтады. Пайғамбардың батасын алып, Әлішер тоқсан күн жол жүріп, қасына ерткен жолдасы Қанбар бабамен бірге шаһарға келіп, қарауылдан жөн сұрайды. Хазірет Ғали (Әзірет Әлі) бұл қаланың Қатыран екенін, мұнда патшаның Дариға атты қызы барын, оның «еркектен артық туғанын» білген соң, сонымен күрескісі келетінін айтады, өзін таныстырады. «Дүние жүзін топырақ пен шаңдақ басып, екеуі күресіпті он төрт күндей» делінеді. Сол он төрт күнде Әзірет Әлі қаза болған намазын оқуға бір-ақ рет тыныс алады, Аллаға мінажат қылады, «бір қызды жыға алмасам, Омар, Оспан шадиярларға, отыз мың саһабаға не бетімді айтамын», - деп күңіренеді. «Алла оның дуасын қабыл қылады, аспаннан жебірейілді жібереді. Керемет қуат алған Әзірет Әлі қызды жығады, жөйттер қорыққаннан дінге кіреді. Әзірет Әлі Дариғаны әйел етіп алады. Ғали Мединеге қайтарында Дариғаға: «Жүкті болып, босансаң, қыз атын өзін қоярсың, ұл болса, аты имам Мәди болсын» дейді. Дариға айы, күні жетіп ұл туады, атын Мәди қояды. Бала оқу жасына жеткенде оған бес уақыт намазды үйретеді, медресеге оқуға береді. Мәди әкесінің кім екенін білмей өседі. Бір күні бала медреседен келе жатып, тандырға нан пісіріп отырған кемпірді мазақтайды. Ашуланған кемпір:

Әкесі тірі кеткен сұмырай жетім,

Не жаздым, мұнша мазақ қылдың, -

дейді. Мәди анасынан «шыныңды айт» деп сұраған соң, Дариға мән-жайды түсіндіреді, балаға жөн айтып, жолға салады. Әзірет Әліні ғана емес, Әбубәкір, Омар, Оспан шадиярларды, «ұлы анаң» деп Фатиманы, ағаларың деп Қасен мен Құсайынды, пайғамбардың зайыбы Бибі Қадияшаны зор ілтипатпен атап, сырттай таныстырады. Мәди анасына: «Егер осы сапарда олай-былай болып кетсем, «ақ сүтінді кешір» деп өтінеді. Мәди жүретін жол ұзақ; ол алпыс күнде Мысырға, тағы алпыс күнде Мединеге жетеді.

Хазірет Ғали өзінің он жеті баласын күрестіріп жатыр екен, Мәди де күреске түсіп он алты баланы жығады. Енді он жетінші баланы – Мұхаммед-Қанафияны жықпақ болғанда Ғали Мәдимен өзі күреседі. Бір кезде бала «Я, медет бер Хазірет Ғали атам», - деп дауыстағанда, Ғали жөн сұрап, белдесіп жүргені өз баласы екенін біледі. «Өз атама қолым тиді, мені енді жер жұтсын», - деп Мәди қуған Ғалиға жеткізбей, қара тасқа еніп кетеді [1,24-25].

«Дариға қыздың» өмірде болған-болмағандығы, оның прототипі кім екені жөнінде болжам айтуға болады. «Дариға қыздың» әрекеті және оның қаһарман бейнесі діни хикаяларда Әзірет Әлінің кіші бибісі (жұбайы) Ханифаны еске түсіреді. Ханифа бейнесі бар шығармаларда ел арасына кең тараған. «Бабалар сөзінің» 10-шы томында осындай бір шығарма жарияланған. Ол – «Һаза кітап Мұхаммед-Ханафия» дастаны. Осы жинақтағы филология ғылымдарының докторы Б.Әзібаеваның мақаласында шығарманың сюжеттік схемасы жөнінде былай делінеді: «Дастанның бас кейіпкерлерінің бірі – хазірет Әли. Дастанда оның Рұмды басып алуы, Рұм патшасын өлтіріп, оның керемет сұлу қызы Ханафияны тұтқындап, өзімен бірге алып келгені баяндалады. Мұхаммед (ә.с.) қыздан исламды қабылдауды сұрайды. Сонда қыз үш тілегін айтады. Олар: 1. Өзі ерлігіне тәнті болған Әли батырмен қосылу; 2. Пайғамбардың қызы, Әлидің әйелі Фатимамен өзінің тең дәрежеде саналуын; 3. Өзінің атын Пайғамбардың есімімен біріктіретін ұлды дүниеге келтіру. Мұхаммед ұзақ ойланады. Осы уақытта Жаратушыдан Жәбірейіл періште арқылы қыздың тілегі орындалатыны туралы хабар келеді. Осындай жолмен алдын ала келісілген жағдайда, Құдайдың құдіретімен, екі түрлі ат иемденген (Мұхаммед пайғамбар мен Рұм императоры қызының аты) – Мұхаммед-Ханафия туылады» [2,17-18].

Ханифа кейбір деректерде Хавлия бин деп те айтылады. Тарихта болған Ханифаның «Дариға қыз» бейнесіне негіз болды деп айтуға бейненің Ханифаның өмірі мен тұлғасында ұқсастығы, Әзірет Әлімен кездесуі, және оған шарт қоюы т.б. сипаттары себеп бола алады. Сонымен қатар, халық фольклорындағы өзге де қаһарман әйел бейнелері «Дариға қыздың» онан әрі көркемдік тұрғыда әрленуіне септігін тигізген. «Дариға қыз» бейнесінің көркемдік сипатын тағы да бір арттырған арна – «Шаһнамадағы» Таһмине бейнесі. Филология ғылымдарының докторы И.Жеменей Т.Ізтілеуұлының «Рүстем-Дастан» жинағына алғы сөз орнына жазылған мақаласында Таһминеге қатысты сюжеттік желіні қысқаша былай беріп өтеді: «Сұһрап тарауында Рүстем Иран-Тұран шекарасында орналасқан Сәмәнгән өлкесіне аңға барады. Бірнеше түрік оның (Рәхш атты) тұлпарын ұрлап кетеді. Тұлпарының ізімен Сәмәнгәнға жетеді. Сәмәнгән патшасы оны құрметтеп, қонақасы беріп, тұлпарын тауып беруге уәде етеді. Рүстем өз құрметіне жасалған думанда мас болып, жатаққа барады. Сонда нәзік те әсем әуенді естиді. Есік ашылады. Артынша қолында майшамы бар бір сұлу қыз көрінеді. Ол өзін Рүстемге: «Мен Сәмәнгән патшасының қызымын, сенен перзент сүйсем», - дейді. Рүстем келіседі. Сол түні неке қиылады. Келесі күні Рүстем тұлпарын тауып, еліне аттанар алдында келешек перзентіне естелік ретінде бір нышан аманат етеді. Таһмине кейін ұл тауып, есімін Сұһрап қояды. Сұһрап он екі, яки он төрт жасында Иран еліне жорыққа шығады. Сұһрап және Рүстем бір-бірін танымағаннан жекпе-жекке шығып, Сұһраптың қазасымен аяқталады» [3,306-312]. Бұл шығарманың екеуі де трагедиямен аяқталып тұр. Бұл жерде әкеге қарсы шығудың, әкемен күресудің жақсы нәтиже бермейтіндігіне деген халықтың көнеден келе жатқан түсініктік танымы жатыр.

Қаһарман әйел бейнесі біздің фольклорымызда да бар және ол көнеден келе жатыр. Оның көнелігі анаеркі (матриархат) дәуірінде пайда болғандығында деп айтуға болады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырындағы – Гүлбаршын бейнесі осыған дәлел бола алады. Қаһарман әйел бейнесіне тән сипаттар матриархат дәуірінің ықпалы азайған бергі замандарда әйелге тән нәзік қасиеттермен алмастырыла бастады. «Алпамыс батырдағы» Гүлбаршынның әуел баста қаһарман әйел бейнесінде болғандығын біз «Қорқыт ата кітабынан» көре аламыз. «Алпамыс батыр» жырының көне нұсқаларының бірі деп есептеуге болатын «Қорқыт ата кітабының» Бамсы-Бәйрек туралы бөлімінде Бану шешек

қаһармандық күшті әйел бейнесінде көрініп, ол Бамсымен күреседі [4,49]. Алайда кейінгі дәуірлердегі эстетикалық қабылдау тұрғысынан «Алпамыс батыр» жырында ол бейне өзгеріске түскен. Дегенмен оның қаһармандық бейнесі жырдың кейбір ұлттық нұсқаларында сақталып қалған. Атап айтсақ, өзбектердің Ф.Юлдашев жырлаған вариантында ол «Қорқыт ата кітабындағы» бейнесіне ұқсас қалыпта көрінеді. Демек «Дариға қыз» бейнесінің әрленіп, сомдалуына үшінші бір арна, яғни түркі халықтарының төл фольклорындағы қаһарман әйел бейнесінің де ықпалы тиген. Сонымен қатар, әлем халықтары фольклорында кең тарағандығын біз көптеген елдердің шығармаларынан көре аламыз. Мысалы, оңтүстік және шығыс славян халықтарында, орыстарда да бұл сюжет аз кездеспейді. Атап айтсақ, шығыс славяндардағы «Юнактар және қара араб болып киінген қыздар»; «Қыздың жүзіктің көзінен өткізіп атуы»; «Марканың қызбен жекпе-жегі»; «Юнактардың батыр әйелде тұтқында болуы», орыстардағы «Добрыня мен Настасья Микулична»; «Илья Моромецтің үш жорығы» [5,124] атты шағын сюжетті баяндаулары осығын дәлел бола алады.

Дариға қыз бейнесінің пайда болуында әдеби дәстүрден гөрі фольклорлық шаблондардың басымдығын байқаймыз. Бұл дастанның әуел бастан-ақ ауызша аңыздаулардан туғандығын көрсетеді. Оның кітаби дастанға айналу кезеңі ХІХ ғасыр ішінде деп айтуға негіз бар. Бұған дейін шығарманың құрылымына фольклорлық көркемдік пішін түрлері әбден сіңгендігі анық көрініп тұрады.

Қорыта айтқанда, «Дариға қыз» бейнесі өзінің пайда болуы жағынан сан алуан негізде қалыптасты. Бұл жерде ислам тарихына қатысты хикаялардың да, хадистің де, шығыстық атақты Фердаусидің «Шаһнамасының» да, түркі халықтары әлем фольклорларында бар сарындар мен образ жасау өнерінің ықпалы бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 350 б.
2. Әзібаева Б. Қазақтың діни дастандары // Бабалар сөзі: Жүз томдық. 10 т. – Астана: «Фолиант», 2004, 19-24 б.
3. Жеменей И. Адамзаттың асыл қазынасы // Ізтілеуұлы Т. Рүстем-Дастан. Бірінші кітап: Алматы. – Жазушы, 2004, 8-20 б.
4. Қорқыт ата кітабы. Астана: 2008. – 608 б.
5. Смирнов Ю.И. Славянские эпические традиции. – Москва: «Наука», 1974. – 260 с